

# *Жыл мезгілдері*



## ***Сабақтың тақырыбы: Жыл мезгілдері***

Сабақтың мақсаты:

***Білімділік:*** жыл мезгілдері туралы мәлімет беру. Білетіндерін қайталау, тереңдету. Сөздерді дұрыс қолдана отырып, сөйлем құрауға баулу.

***Дамытушылық:*** ой-өрісін дамыту, табиғаттың әр мезгілінде әр түрлі өзгерістер болатынын байқауға дағдыландыру, ауызекі сөйлеу дағдысын қалыптастыру.

***Тәрбиелік:*** туған өлке табиғатына, табиғат заттарына деген сүйіспеншіліктерін арттыру.

***Сабақтың түрі:*** жаңа сабақ

***Сабақтың әдісі:*** ауызша, суреттеу, ауызекі сөйлеу.

***Сабақтың көрнекілігі:*** суреттер

## ***Сабақтың барысы:***

Ұйымдастыру кезеңі.

-Сәлеметсіздер ме, балалар!

-Қазір қай жыл мезгілі?

-Бүгін аптаның қай күні?

## ***Жаңа сабақ***

-Бүгінгі жаңа сабақтың тақырыбы: Жыл мезгілдері.

*Бүгінгі сабақта алдыма қойған*

*мақсатым, сендерге жаңа тақырып туралы түсіндіріп, осы тақырып жайында білімдеріңді тереңдету. Көрнекіліктерді қолдана отырып, сөйлем құратып үйрету, еркін сөйлеп үйретуге баулу. Табиғаттың әр мезгілінде әр түрлі өзгерістер болатынын байқауға дағдыландыру және табиғатқа деген сүйіспеншіліктеріңді арттыру.*



-Бір жылда неше жыл мезгілі бар?

-Қазір қай жыл мезгілі?

-Кім қай мезгілді жақсы көреді?

Бүгін бізге Жыл мезгілдері қонаққа келеді.

## Жыл мезгілдері




Қар еріп , су ағады,  
Сарқырап сайға толады.  
Күн ұзарып жылиды,  
Бұл қай кезде болады?



Көктем айларын атаңдар.  
Көктемнің бірінші гүлі.  
Көктемде ауа райы қандай болады?  
Көктемде қандай мерекелер  
болады?  
Балалар, қандай құстар ұшып  
келеді?



-Ей жарқын жаз, жарқын жаз  
Қандай көркем даламыз,  
Алаңсыз демаламыз  
Біз бақытты боламыз,  
Шырқап әнге саламыз.



## Жемістер мен көкөністер

Жемістерге: алма, алмұрт, жүзім, өрік, шабдалы, шие.



Көкөністерге: картоп, қызылша, пияз, сәбіз, қияр, қызанақ т.б. жатады.









Алдында тұр , алтын күз  
Дала толы жеміске  
Диқан толы егіске  
Бау-бақшаға барайық  
Жемістерді жинайық.

Егіншілер не жинайды?  
Оқу жылы қашан басталады?  
Күзде қандай көкөністерді  
жинайды?





Біз тебеміз сырғанақ  
Таудан төмен сырғанап.  
Қар жауады аппақ  
Аяз қатты азынап



Қыста қандай киім киеміз?

Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, сөйлемдерді көшіріп жазындар.

Қыста .... суытады. Балалар ... шаңғы тебеді. Адамдар ..... киімдерін киеді. Қыста балалар ..... , коньки тебеді. Қыс-жылдың ең ... мезгілі.

Керекті сөздер: күн, қыста, жылы, шаңғы, суық.





Жұмбақ шешу.

Қолы жоқ, сурет салады;  
Тісі жоқ, тістеп алады.(аяз)



Аппақ, аппақ, ақ мамық,  
Жерде жатыр тапталып.(қар)



VII. Қорытынды

VIII. Бағалау